

**Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы  
«Геодезия және картография колледжі» коммуналдық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорыны**



**Бекітемін  
Колледж директоры  
Б.А.Салакчинов  
2014 ж.**

**«ЖАЛЫН» ПОЛИЦИЯҒА ҚОЛҒАБЫС ЕТУ ҚҰРАМЫ  
ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ**

**Семей қ.**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Полицияға қолғабыс ету құрамы – бұл кәмлетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты алдын-алу бойынша құқықтық ұйымдарға көмек көрсету үшін қоғамдық тәртіпті нығайтудағы және студент жастарының қатысуының негізгі нысаны болып табылады. Құрамның қызметі мен ұйымдастыру тәртібін, нормативтік- құқықтық актілері реттейді.

2. Құрамның құқықтық-қызметтік негізі болып, Қазақстан Республикасының заңнамасына кері әсер етпейтін, Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актлері жатады.

3. Жалпы басшылықты және жасақтың қызметін бақылауды білім беру мекемесінің жастар кеңесінің мүшелері болып табылатын командалар жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының өз міндеттерін орындаудың байланысты ұжымның қадір- қасиеті мен денсаулығына зорлық – зомбылық келтіру мүшелерінің заңнамамен сәйкес қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

### **2. Құрам бөлімшесінің міндеттері мен негізгі функциялары.**

1. Құрамның басты міндеті – жастар арасында құқық бұзушылыққа қарсы құреспіп, ішкі істер органдарына көмек көрсету.

2. Құрам, кәмелеттік жасқа толмағандардың істері жөніндегі білім инспекторымен бірлесіп қолданыстағы заңдарды басшылыққа ала отырып:

•азаматтардың жаппай демалатын орындарында қоғамдық тәртіпті нығайтуға және мәдени, спорттық іс – шараларды өткізуге қатысады;

•жасөспірімдер мен жастар арасындағы кәмелеттік жасқа толмағандардың жекелей құқық бұзушылықтан алдын-алу мақсатында ішкі істер бөлімшелеріне көмек көрсетеді.

### **3. Құрамның жұмысын ұйымдастыру және тәртіп орнату құрылымы.**

1. Құрам мүшелігіне қабылдау ерікті түрде, жеке тәртіппен, жазбаша өтініш түрінде қабылданады.

2. Құрам бөлімінің әрбір мүшесіне белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

3. Басшы болмаған кезде барлық басқару жұмыстарын орынбасарлары басшылық етеді.

4. Құрам басшысы ұжым мүшелігінен таңдалады.

5. Басшы:

- құрамның тікелей басқаруын жоспарлайды, құжаттарды жүргізеді;

- марапатқа ұжым мүшелерінің ең беделді, белсендісі ұсынылады;

### **4. Құрам мүшелерінің міндеттері мен құқықтары.**

*Құрам мүшесі міндетті:*

- антиқоғамдық жат іс-әрекеттердің алдын-алу шараларын заңмен қарастыратын іс-әрекетпен мұқият, сыпайы түрде қолдану;

- қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік- құқықтық актілерін білу, қатаң сақтау, және қылмыстың алдын-алу нысандары мен әдістерін жетілдіру;

- құрам командиріне, полиция бөлімшесіне төтенше жағдайларды уақытылы хабарлар ету;

- міндеттерін атқару барысында өзімен бірге куәлігін алып жүру;

- мобиЛЬДІ ТОПТАРГА, ҰЖЫМ БАСШЫСЫНА ӨЗ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ҮНЕМІ ЕСЕП БЕРУ;

#### **Ұжым мүшелерінің құқықтары:**

- белгіленген қоғамдық тәртіпті сақтауды және құқық бұзушылықты тоқтатуға талап етуге құқылы;

- қоғамдық тәртіп бұзылған немесе жеке мүлікке зақым келтірілген жағдайда полиция қызметкерлерімен бірге хаттама толтыруға қолғабыс ету.

#### **5. Жұмыстың әдіс-тәсілдері.**

*Кұрам өз қызметін жүзеге асырады:*

1) Оқу орындарында құқық бұзушылық тәртібін сақтау жұмыстарына қолдау жасау жұмыстарына қатысу.

2) Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, кездесулер ұйымдастыру.

3) Қалалық мектеп оқушылары арасында құқықтық іс – шаралар ұйымдастыру және қатысу.

#### **6. Ұнталаңдыру шаралары.**

1. Өздерінің азаматтық борыштарын орындауда және ұжым мүшелерінің көрсеткен ерлігі үшін, қолданыстағы заннамаға сәйкес Қазақстан Республикасының марапатына ұсынылуы мүмкін.

2. Ұжым мүшелерін марапаттау оқу орындарында салтанатты түрде өтеді.